

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития

Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/MOVG7201>***Ш. Б. Саликжанова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
*e-mail: akbulak07@mail.ru

ӘЙЕЛДЕР КИІМІ МЕН СӘНІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада тіл біліміндегі ұлттық киім және сәндік бұйымдар лексикасының зерттелуі қарастырылады. Жалпы әр халықтың ұлттық киімдері сол халықтың рухани өмірінің әртүрлі салаларымен, соның ішінде эстетикалық және діни-магиялық идеялармен байланысты болып келетіндігі жайлы баяндалады. Халық киімі мен сәндік бұйымдарынан халықтың тұрмыс-тіршілігі, оның әлеуметтік құрылымы, әрбір этноәлеуметтік топтың өмір сүру жағдайлары көрініс табады. Халықтың салт-дәстүрі ғана емес, киімдері және әшекей бұйымдары да көршілес халықпен сан алуан өзара байланыстары мен ықпалының әсерінен де өзгеретіндігі байқалады. Киім қоғам болмысының ең маңызды атрибуттарының бірі болғандықтан, өмірдің осы саласына қызмет ететін сөздік құрам тұрақты динамикада және тіл қолданушылардың тезаурусында негізгі орынды алады. Әйелдер киімі мен сәніне байланысты лексика тілдік қорымыздағы өзіндік орны мен сыр-сипаты бар, күрделі әрі жүйелі категория болып саналады. Өйткені олардың атаулары бір қарағанда жалаң грамматикалық нысан болып көрінгенмен, тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ тарихымен төркіндес, оның рухани, мәдени өмірімен астарласа келіп, эстетикалық талғам-таныммен, ұлт психологиясымен, салт-сана, әдет-ғұрпымен ұласатын қоғамдық, философиялық, этнолингвистикалық мәні зор мәселелер қатарына жатады. Мақалада сән ұғымына байланысты терминдер қарастырылады. Киім атаулары мен сән ұғымына қатысты терминдер қазақтың байырғы сөзінен жасалған, арнайы бектілгеннен бері белсенді қолданыста екендігі айтылады. Қазіргі қазақ тілінде сән үлгілеріне байланысты лексемалардың біршамасы басқа тілден енгендігі анықталды. Басқа тілден енген киім,әшекей

бұйым атауларын байырғы ұлттық әшекей атауларымен беруге боатындығы жайлы ұсыныс беріледі. Кейінгі кездері кейбір сәндік бұйымдар қазақ тіліне аударылып жүр, мысалы ободок – шаш қайыргыш шеңберлер деп аталады. Қолданысқа кеңінен еңбесе де, көпшілікке таныс бола бастады. Маңдайша – сәукеженің маңдайына тағылатын асыл тасты күміс әшекей, ободок осы маңдайшаға ұқсас, сондықтан маңдайша сөзімен алмастыруға болады.

Кілтті сөздер: лексика, этнолингвистика, этнонимдер, зергерлік бұйымдар лексикасы, этимология, кірме сөз

Кіріспе

Киім мен зергерлік бұйымдар – адам өмірінің маңызды бөлігі, олар белгілі бір халықтың тұрмысы мен қоныстанған жерінің табиғи-климаттық жағдайларымен және халықтың танымы, салт-дәстүрімен де тығыз байланысты болатын құндылықтар. Ұлттық киім үлгісі дәстүрлі халық мәдениеті мен ұлттық тарихтан бастау алатын динамикалық құбылыс [1, 518]. Киім мен зергерлік бұйымдарды білдіретін лексемалар белгілі бір тілдің лексикалық құрамында қалыптасады. Нақтырақ айтқанда, табиғи-климаттық жағдайлар, әр халықтың этникалық ерекшеліктеріне байланысты да киімдер мен зергерлік бұйымдардың өзіндік түрлері мен атаулары пайда болады.

Жалпы киіммен әшекейлердің лексикасы халықтың материалдық және ішінара рухани мәдениетінің көрінісі ретінде түркі халықтары туралы дереккөздер мен арнайы әдебиеттерде айқын көрсетілген. Киім элементтеріне шолу және түркі халықтарының зергерлік бұйымдары орта ғасырлардан бастау алады [2, 194].

Материалдар мен әдістер

Мақалада әшекей бұйым атауларын зерттеген Қайдар Ә., Жанпейісов Е. және Рамазанова Д. Б., Тухбиева Л. Ф., Сони́на С. Л., Кулакова Н. В., Кузина Г. В. сынды ғалымдардың еңбегі назарда болды. Зерттеу жұмысының қорытындылары, деректері, нәтижелері жоғарғы оқу орындарында оқылатын тіл білімінің лексикология, мәтін лингвистикасы, фразеология, этнолингвистика салалары бойынша және арнайы курс, арнайы семинарлар жүргізуде пайдалануға болады. Зерттеу әдістері: салыстыру және сипаттау, топтастыру әдісі, сонымен қатар сипаттамалы-синхронды, функционалды-семантикалық, этнолингвистикалық талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеулерге назар салсақ, осы тұрғыда М. Қашғаридің «Дивани лұғат ат-түрік» лексикографиялық еңбегі баға жетпес құнды дүние екенін белгілі. Сөздікте туыстық, әскери іс, мал шаруашылығы, астрономия, этнонимдер,

соматизмдер, фитонимдер, топонимдер, металл атаулары, минералдар, шеберхана, әртүрлі ойындар, жарыстар, үй ыдыстары, ыдыс-аяқ, тамақ, құралдар, ұзындық, салмақ, ақша бірліктері, халықтық күнтізбе және тағы басқа, киім мен зергерлік бұйымдардың лексикасы жайлы мәліметтер бізді қызықтырады (оның ішінде әртүрлі маталардың атаулары) [2].

Қазіргі уақытта түркі халықтары тілі мен мәдениеті, соның ішінде киім мен зергерлік бұйымдар лексикасы әрқырынан зерттеуді қажет етеді және зерттеулер белсенді түрде жалғасуда. Айталық, татар тіл білімінде киім мен бас киімнің лексикасы Д. Б. Рамазанованың «Названия одежды и украшений в татарском языке в ареальном аспекте» зерттеуінде лексиканың осы саласы фонетикалық-морфологиялық, лексикалық-семантикалық түрлері мен таралу аймақтары егжей-тегжейлі талданады [3]. Л. Ф. Тухбиева өзінің «Татар әдеби тіліндегі киім мен бас киім лексикасы» атты ғылыми еңбегінде киім мен бас киім лексикасының лингвистикалық ерекшеліктерін анықтайды, киім, бас киім атауларына тарихи-генетикалық талдау жасайды, оларды номинация принципі бойынша топтастырады [4].

Ұлттық киім атаулары, әшекей бұйымдар мен сәнге қатысты әлемдік лингвистикадағы зерттеулерге назар аударатын болсақ, біршама еңбектер бар екеніне көз жеткізе аламыз. Айталық әйелдер киімінің сәніне қатысты С. Л. Сонинаның (1997) француз сән терминологиясын зерттеген еңбегі бар. Онда сәнге қатысты терминдер жинақталып, түсінік берілген [5]. Орыс тіл білімінде А. С. Пушкин тіліндегі киім атауларын лексикографиялық және функционалдық-стилистикалық қырын зерттеген Н. В. Кулакова (2000) еңбегін атауға болады [6]. Ал лингвист Г. В. Кузина (2001) Орел диалектілеріндегі бас киім атауларының құрылымдық-семантикалық аспектісін өз еңбегінің зерттеу нысаны ретінде алған [7]. Аталған еңбекте зерттеуші дәстүрлі халық киімінің статикалық, қатып қалған нәрсе еместігін, ол ғасырлар бойы тарихи түрде және халық тіршілігінің бүкіл жолында үздіксіз дамып отыратындығын айтады. Ұлттық киімінің даму процесінде халықтың тұрмыс-тіршілігінің, оның әлеуметтік құрылымының, әрбір этноәлеуметтік топтың өмір сүру жағдайларының өзгеруімен қатар, әр түрлі халықтардың – көршілес халықтардың сан алуан өзара байланыстары мен өзара ықпалының әсерінен де өзгертіндігін айқындайды. «Бұл өзгерістердің көпшілігі жалпы ұлттық киім кешенінде (жаңа элементтердің пайда болуы) немесе оның әртүрлі құрамдас бөліктерінде (материалда, пішімде, ою-өрнекте) және қолданылуында (кию тәсілінде) із қалдырады», – дейді Г. В. Кузина [7]. Жалпы әр халықтың ұлттық киімдері сол халықтың рухани өмірінің әртүрлі салаларымен, соның ішінде эстетикалық және діни-магиялық идеялармен байланысты болып келеді. Воронеж диалектілеріндегі киім атауларының лексикалық сипаты В. М. Панова (2002) еңбектерінде

жан-жақты зерттелген [8]. Т. Н. Нагорскихтің (2009) сән атауларын зерттеген еңбегі «Мода как ценностно-формирующий фактор современной западноевропейской культуры» деп аталады [9]. С. Озер орыс және ағылшын тілдеріндегі киім лексикасының құрылымдық-семантикалық корреляциясы жайлы зерттеу жүргізілген [10]. Зерттеуде бас киім мысалында метафора мен метаморфоздың арақатынасы ашылады. Киімге байланысты атаулар және орыс тілінің ерекшелігіне сәйкес ер адам және әйел адамдарға қатысты аталатыны, әр түрлі мағынаны білдіретін лексемаларға бөліп қарастырады [10, 8].

Х.М. Худойева (2019 ж.) «Тәжік және ағылшын тіліндегі зергерлік бұйымдар лексикасының құрылымдық-семантикалық талдауы» атты еңбегінде тәжік және ағылшын тілдеріндегі киімдерді әшекейлеуді білдіретін лексикалық бірліктердің салыстырмалы форматта сөзжасамдық тәсілдерін және т.б. ерекшеліктерін талдаған [11].

Қазіргі қазақ тілінде де ұлттық киімдер және әшекей бұйымдарға қатысты лексика әр түрлі қырынан зерттелді деуге болады. Этнолингвистика саласына байланысты іргелі зерттеулер жасаған ғалымдар: Ә. Марғұлан, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Ө. Жәнібек, Д. Әлкеева, Р. Шойбеков т.б. Осы тақырыпқа өзектес біршама диссертациялық зерттеулер бар. Мысалы, Ә. Алмауытова, А. Сейілхан, Қ. Қайырбаева, т.б.

Академик Ә. Қайдар өзінің «Этнолингвистика» деген мақаласында: «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отыр. Әртүрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағұлматтар бәрі-де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін емес», – деп жазды [12, 18]. Яғни ұлттың дүниетанымы мен ерекшелігі тек тіліміз арқылы ғана емес, киімдеріміз бен әшекей бұйымдарымыз арқылы да жеткен.

Ә. В. Севортянның авторлығымен «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» жалпы түркі негіздері семантикалық және этимологиялық тұрғыдан зерттелген, киім мен зергерлік бұйымдардың атаулары жазылған [13].

Жыға – көнерген сөз, тек қазақ тілінде ғана емес, туыстас тілдерде де көне сөз ретінде сақталған. Мысалы, түркімен тілінде екі түрлі мәнде кездеседі: кітаптың бет аралығына белгі ретінде салып қоятын құс қауырсыны және сұлтан, яғни алтынды әшекей, ал қырғыз тілінде жыға деп қалыңдық, хан киетін биік бас киімді, сұлтанды (әшекейді) атайды. Е. Жанпейісов жыға атауы түркі тілінде мынандай үш түрлі мағына білдірген: құс қауырсыны, асыл тасты алтын әшекей (екеуі де бас киімдікі) және бас киімнің тұтас өзі

де осылай аталған. Сол сияқты, қарақалпақ тілінде «жығалы хат» - деген тіркес бар дейді [14, 87–91]. «Жыға» деген бас киім де болған. Ол ауыз әдебиетінде «бөрік», «үкілі бөрік» түрінде де кездеседі. Мысалы: Кәмшат бөрік басында, Тобылғы торы ат астында (Қобыланды, 16); Беліне семсер іледі, Ноғай бөркін киеді (Алпамыс, 41), Кәмшат бөрік келісіп, Бриллиант қойды басына (Қамбар батыр, 311).

Әйелдер бас киімі: сәукеле, орамал, жаулық, күндік, бүркеншік, кимешек. Ғалым Е.Жанпейісов: «компонент сәукеле разным языкам: сау /сәу/ изобщетьюркского, күла/күлә~кела~келе/ из персидского сау/сәу/ – выражает значение целый всецело, целиком; акомпонент келе как название головного убора связан сего основном признаком— конусообразностью, относительно удлиненностью», -деп «сәукеле» сөзінің этимологиясын талдайды [14, 30].

Бүркеншік. *Жылау басылған кезде қатындар Марияның өрулі қара шашын тарқатып, шаршысын шорт байлап, ақ бүркейді жамылтып, теріс қаратып, бүйірін таянтты да қойды* (Шәкәрім, 533). *Ақ бүркеншек салынып, Ала берен киген тау* (Мәшһүр Жүсіп, 38); *Бүркеншігін анасы жұлып алды, Бар –ақ келді! «а!» деуге есі танды* (Мәшһүр Жүсіп, 46);

Қыздар кепеші – бас киім. Ұмтылады қыздарға, Кепешін тартып шекеге (Алпамыс, 210).). Қарақалпақстандағы қазақтар кепеш – тақия, тебетей дейді (Баласына кепеш сатып алды).

Шеттік-кимешек жағына қадайтын күміс, жемелек – әйелдер шашына тағатын бау.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек. Абайдың «Ескілік киім» деген өлеңінде «бергек» деген сөз кездеседі. «Бергек» атауы шаршының үстінен жабатын сәндік жаулық, сән үшін жамылатын әшекейлі жамылғыш [14, 69]. Қазіргі кезде әдемі жамылғыштарды «палантин», «шарф» деп өзге тілмен атап жүрміз, орнына «бергек» сөзін қолданысқа енгізуге болады.

«Шоқ – бас киімге тағылатын асыл тас, алтынды әшекей. Түрлері: алтын шоқ, бұрма шоқ, үкілі шоқ, шоқты т.б.». Шоқ атауы эпостық жырларда кездеседі.

«Қобланды батыр» жырында:

Жалғызымның барында

Пешипент ойдым мақпалдан

Тақия, бөрік, үкі шоқ! (Қобыланды, 105).

Шырмауық – ілгекті оқа, металл ілгекті әйелдердің баскиім әшекейі. Шырмауық-көнерген сөз, шырмау, байлау деген мағынадан туған. Бүгінгі таңда шырмауық тәрізді әшекей бұйымды брошь деп атап жүрміз. Бұрынғы аталымын жаңғыртып, шырмауық деген атауды қолдануға болады.

Шытыра – баскиімге, омырауға, аяқкиімге қадайтын, ағашқа, ер-тұрманға орнататын асыл тасты, не тассыз күміс әшекей. *Шытыралар*

түріне қарай *ақ шытыра*, *алтын шытыра*, *күміс шытыра*, *күмбез шытыра*, *құмырсқа бел шытыра*, *меруерт шытыра* т.б. деп аталады. Баскиімге қатысты әшекейтүрлері мол әрі олардың дені ертеден келе жатқан мифологиялық түсінікпен, ырымдармен астасып жатады. Жалпы қазақ халқы әшекей бұйымдарды көзден, тілден сақтайды деген ырыммен тағатын әшекейлері: «*жақтама* – сәукелеге тағатын інжу, маржаннан жасалған төгілме моншақ», «*жақтау* – күміспен, алтынмен апталған, жібек шашақтап жіпке тізілген, сәукеленің екі жағына бекітетін салпыншақ әшекей», «*жақ моншақ* – алтын, күміс, асыл тастардан бұршақтап үзбелестіріп жасаған, келіншектер тағатын салпыншақты бас киім әшекейі», «*бет моншақ* – сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадалатын бірнеше қатар төгілмелі моншақ», «тал моншақ – тақияға бірнеше қатар тағылатын моншақ түрі», «былқылдақ – бас киімге тағылатын үлкен маржан моншақ», «шеттік – кимешектің жағына қадайтын әшекейлі күміс шатыра», «тана – қыздардың тақиясына, бөркіне, киім омырауына, жағасына тағылатын асыл тастан жонылған не таза күмістен соғылған түйме тәрізді дөңгелек сәнді бұйым», «есектас – бөрікке тағуға арналып өңделген, жонып қырланған көктас-әшекей», «*шытық* – күміспен күптеліп шар тәрізді сәукеле әшекей», «*төбелдірік* – сәукеле төбесіндегі тәж сияқты әшекей», «*маңдайша* – сәукеленің маңдайына тағылатын асыл тасты күміс әшекей». Міне, *есектас*, *шытық*, *төбелдірік*, *маңдайша* – әшекей заттардың барлығы қыздардың сәндік бұйымдары, бірінші әдемілік үшін және көз тимесін деген мақсатта жасалған.

Әйелдердің сәніне (киім, шаш қою т.б.) қатысты лексика жан-жақты зерттеле қоймаған. Сән ұғымына байланысты сәнгер (модольер), сәнгерші (моделист) термині қазақтың байырғы сөзінен жасалған, арнайы бекітілгеннен бері белсенді қолданыста. Жалпы қазақ тілінде сән үлгілеріне байланысты лексемалардың біршамасы басқа тілден енген. Мысалы, төмендегі мәтінге назар аударсақ: «*Көпшілігіміз ресми жиындарға, жұмысқа не киерді білмей, тек ақ кеудеше мен қара белдемше не болмаса шалбар ғана киюге болады деген стереотиппен ойлаймыз. Әрине, жауапты ресми жиындарда арнайы дресс кодпен киіну керек, оны жоққа шығармаймын, дегенмен мата түрімен, үлгі фасонымен ерекшеленіп, сәнді аксессуарлармен киімді толықтырып ерекше бейне құрастыруға болады*» [15]. Қазіргі киім үлгісіндегі *ақ кеудеше* мен *қара белдемше*, *бешпеттер*, *жейделер*, мәтіндегі «*дресс код*», «*фасон*», «*аксессуар*», «*пиджак*» сөздері де белсенді қолданыстағы кірме сөздер болып табылады. «*Дресс код*» – белгілі бір мекеме, мектеп, кеңсе, клуб, мейрамхана және т.б. киінудің қажетті үлгісін көрсететін әдетте жазылған және орналастырылған ережелер жиынтығы. *Фасон* сөзінің орнына «*сән үлгісі*», «*үлгі*» деген сөздерді қолдану керек. Әшекей бұйымдарды «*аксессуар*» деп атау тілімізде жиі орын алады, сонымен қатар «*пиджак*», «*блуза*» қазақ

сөздерімен жарысы қолданылып жүр. Киім қоғам болмысының ең маңызды атрибуттарының бірі болғандықтан, өмірдің осы саласына қызмет ететін сөздік құрам тұрақты динамикада және тіл қолданушылардың тезаурусында негізгі орынды алады.

Шашқа байланысты әшекей заттарды *ободок, қраб, невидимка, резинка* деп атап жүргеніміз белгілі. Медиамәтіндерде *ободок* – шаш қайырғыш шеңберлер деп кейінгі уақытта аударылып беріліп жүр. Қолданысқа кеңінен енгесе де, көпшілікке таныс бола бастады. *Маңдайша – сәукеленің маңдайына тағылатын асыл тасты күміс әшекей. Төбелдірік* – сәукеле төбесіндегі тәж сияқты әшекей. *Ободок* ұлттық әшекей маңдайшаға ұқсас болғандықтан, оны *маңдайша* немесе *төбелдірік* деп атаса, көпшілікке ерсі көрінбесі анық.

Резинканы (резіңке деп ауызекі тілде) *шашбау* сөзімен, ал *қрабты* *шашжинағыш* сөзімен алмастыруға болады.

Қорытынды бөлім

Зерттеу барысында киім мен зергерлік бұйымдардың лексикасын зерттеуге арналған ғылыми әдебиеттер бұл мәселенің ұзақ тарихы бар екенін көрсетті, бүгінгі күні тілдің сөздік құрамының осы қабатын дамытатын әртүрлі бағыттағы бірқатар еңбектер жазылды. Кез келген тілдің сөздік қорында халықтың қалыптасуы мен даму тарихына, мәдениетіне, материалдық және рухани байлығына, жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуындағы орнына қатысты құнды мәліметтер бар [16, 125]. Қазақ халқының киімдері мен әшекейлері көркемдік және танымдық қызығушылықты білдіретін этникалық талғамдарды, идеалдарды, бейнелерді бейнелейтін стихиялылығымен және сонымен бірге көркемдік тұтастығымен ерекшеленеді.

Әйелдер киімі мен сәніне байланысты лексика тілдік қорымыздағы өзіндік орны мен сыр-сипаты бар, күрделі әрі жүйелі категория болып саналады. Өйткені олардың атаулары бір қарағанда жалаң грамматикалық нысан болып көрінгенмен, тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ тарихымен төркіндес, оның рухани, мәдени өмірімен астарласа келіп, эстетикалық талғам-таныммен, ұлт психологиясымен, салт-сана, әдет-ғұрпымен ұласатын қоғамдық, философиялық, этнолингвистикалық мәні зор мәселелер қатарына жатады.

Қазіргі қазақ тілінде ұлттық киімдер және әшекей бұйымдарға қатысты лексика әр түрлі қырынан зерттелді, дегенмен лингвистикалық ерекшеліктері әліде кеңінен қарастыруды қажет етеді. Сән ұғымына байланысты біршама терминдер қазақтың байырғы сөзінен жасалған, арнайы бекітілгеннен бері белсенді қолданыста, бірақ қазақ тілінде сән үлгілеріне байланысты лексемалардың салмақты үлесі басқа тілден енген.

Пайдаланылган деректер тізімі

- 1 **Oliynyk, M.** An Academic Study of Clothing Ethnoculture and Modern Clothes Production : Interaction Practices in Ukraine [Text] // Acta Ethnographica Hungarica. – 2021. – P. 517–542.
- 2 **Shamigulova, A.T., Karabaev, M. I., Abdullina, G. R., Ishkildina, Z. K.** Vocabulary of Clothes and Jewelry in Studies of Turkic Languages (From the History of the Study of the Issue) : Mediterranean Journal of Social Sciences. [Text] // MCSER Publishing, Rome-Italy. – 2015. – Vol 6. – No 5 S3. – P. 194–200.
- 3 **Кашгари, М.** Дивону лугат ит-турк. – Ташкент : Фан, 1963. – С. 445.
- 4 **Рамазанова, Д. Б.** Названия одежды и украшений в татарском языке [Текст]. – Казань: Мастер Лайн, 2002. – С. 352.
- 5 **Тухбиева, Л. Ф.** Лексика одежды и головных уборов в татарском литературном языке: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук: специальность 10.02.02 – Языки народов Российской Федерации [Текст]. – Казань, 2006. – С. 218.
- 6 **Сонина, С. Л.** Французская терминология моды (статика и динамика): автореферат дис... кандидата филологических наук : 10.02.05 / Рос. пед. ун-т [Текст]. – СПб., 1997. – С. 15.
- 7 **Кулакова, Н. В.** Наименования одежды в языке А. С. Пушкина: Лексикографический и функционально-стилистический аспекты: дисс. на соиск. степ. д-ра филос. Филология [Текст]. – М., 2000. – С. 16.
- 8 **Кузина, Г. В.** Лексика одежды : Названия головных уборов в орловских говорах; структурно-семантический аспект : автореф. дисс. ... канд. филол. Наук [Текст]. – Орел, 2001. – С. 19.
- 9 **Панова, В. М.** Наименования одежды в русских говорах Воронежской области: Этнолингвистический и ареальный аспекты : автореф. дисс. ... канд. филол. наук [Текст]. – Воронеж, 2002. – С. 18.
- 10 **Нагорских, Т. Н.** Мода как ценностно-формирующий фактор современной западноевропейской культуры : диссертация ... кандидата философских наук [Текст]. – Ростов-на-Дону, 2009. – С. 131.
- 11 **Озер, С. П.** Структурно-семантическая соотносимость лексики одежды в русском и английском языках : диссертация ... кандидата филологических наук [Текст]. – Душанбе, 2016. – С. 245.
- 12 **Худойева, Х. М.** Структурно-семантический анализ лексики украшений одежды в таджикском и английском языках : диссертация ... кандидата филологических наук [Текст]. – Душанбе, 2019. – С. 316.
- 13 **Қайдар, Ә. Т.** Этнолингвистика [Мәтін] // Білім және еңбек. – 1985. – № 10. – Б. 24–25.

14 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «В», «Г» и «Д» [Текст]. – М. : Наука, 1980. – С. 395.

15 **Жанпейісов, Е.** Этнокультурная лексика казахского языка [Текст]. – Алма-Ата : Наука КазССР, 1989. – С. 282.

16 «Берік Исмайылов» сән үйінің сәнгері – Аяулы Дәменовмен сұхбат [Мәтін]. [Электрондық ресурс]. – <https://doi.org/massaget.kz/blogs/18851/>.

17 **Zayrova, K. M.** Ethnocultural characteristics of clothing names in the Karakalpak language. [Text] // Berlin Studies Transnational Journal of Science and Humanities. Philological sciences. – 2022. – Vol. 2. – No. 1.6. – P. 125–132.

References

1 **Oliylyk, M.** An Academic Study of Clothing Ethnoculture and Modern Clothes Production : Interaction Practices in Ukraine [Text] // Acta Ethnographica Hungarica. – 2021. – P. 517–542

2 **Shamigulova, A. T., Karabaev, M. I., Abdullina, G. R., Ishkildina, Z. K.** Vocabulary of Clothes and Jewelry in Studies of Turkic Languages (From the History of the Study of the Issue) : Mediterranean Journal of Social Sciences. [Text] // MCSER Publishing, Rome-Italy. – 2015. – Vol 6. – No 5 S3. – P. 194–200.

3 **Kashgari, M.** Divonu lugat it-turk [Diwani lugat Turkish] [Text]. – Tashkent : Phan, 1963. – P. 445.

4 **Ramazanova, D. B.** Nazvania odezhdy i ukrasheni v tatarskom iazyke [Names of clothing and jewelry in the Tatar language] [Text]. – Kazan : Master Lain, 2002. – P. 352.

5 **Tuhbieva, L. F.** Leksika odezhdy i golovnyh uborov v tatarskom literaturnom iazyke [Vocabulary of clothing and hats in the Tatar literary language] : avtoreferat disertatsii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk : spetsialnost 10.02.02 – İazyki narodov Rosiskoi Federatsii [Text]. – Kazan, 2006. – P. 218.

6 **Sonina, S. L.** Fransuzskaia terminologia mody (statika i dinamika) [French fashion terminology (statics and dynamics)]: avtoreferat dis. ... kandidata filologicheskikh nauk : 10.02.05 / Ros. ped. un-t [Text]. – Sankt-Peterburg, 1997. – P. 15

7 **Kulakova, N. V.** Naimenovania odezhdy v iazyke A. S. Pushkina: Leksikograficheski i funktsionalno-stilicheski aspekty [Clothing names in the language of A. S. Pushkin : Lexicographic and functional-stylistic aspects]: diss. na soisk. step. d-ra filos. Filologia [Text]. – Moscow, 2000. – P. 16.

8 **Kuzina, G. V.** Leksika odezhdy : Nazvania golovnyh uborov v orlovskikh govorah; strukturno-semanticheski aspekt [Vocabulary of clothing: The names of

hats in Orel dialects; structural and semantic aspect] : avtoref. diss. ... kand. filol. Nauk [Text]. – Orel, 2001. – P. 19.

9 **Panova, V. M.** Naimenovaniya odezhdy v ruskikh govorah Voronezhskoi oblasti: Etnolingvisticheski i arealniy aspekty [Clothing names in the Russian dialects of the Voronezh Region: Ethnolinguistic and areal aspects] : avtoref. diss. ... kand. filol. nauk [Text]. – Voronezh, 2002. – P. 18

10 **Nagorskiy, T. N.** Moda kak senostno-formiruiushiy faktor sovremennoy zapadnoevropeyskoy kultury [Fashion as a value-forming factor of Modern Western European Culture] : disertatsiya ... kandidata filosofskikh nauk [Text]. – Rostov-na-Donu, 2009. – P. 131.

11 **Ozer, S. P.** Strukturno-semanticheskaya sootnosimost' leksiki odezhdy v ruskom i angliskom iazykakh [Structural and semantic correlability of clothing vocabulary in Russian and English] : disertatsiya ... kandidata filologicheskikh nauk [Text]. – Dushanbe, 2016. – P. 245.

12 **Hudoieva, H. M.** Strukturno-semanticheskii analiz leksiki ukrasheni odezhdy v tazhikskom i angliskom iazykakh [Structural and semantic analysis of the vocabulary of clothing jewelry in Tajik and English] : disertatsiya ... kandidata filologicheskikh nauk [Text]. – Dushanbe, 2019. – P. 316.

13 **Kaidar, A. T.** Etnolingvistika [Ethnolinguistics] [Text]. // Bilim zhane eñbek. – 1985. – №10. – P. 24–25.

14 **Sevortan, E. V.** Etimologicheskiy slovar turkskikh iazykov: Obsheturkskie i mezhturkskie osnovy na bukvy «V», «G» i «D» [Text] [Etymological dictionary of Turkic languages: Common Turkic and inter – Turkic bases with the letter «V», «G» and «D»]. – Moscow : Nauka, 1980. – P. 395.

15 **Zhanpeiisov, E.** Etnokulturnaya leksika kazhskogo iazyka [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language] [Text]. – Alma-Ata : Nauka KazSSR, 1989. – P. 282

16 «Berik Ismailov» san uiniñ sangeri – Aiauly Damenovamen sühat [Interview with fashion designer of the fashion house» Berik Ismailov» – Ayuly Damenova] [Text]. [Electronic resource] <https://doi.org/massaget.kz/blogs/18851/>.

17 **Zayrova, K. M.** Ethnocultural characteristics of clothing names in the Karakalpak language. [Text] // Berlin Studies Transnational Journal of Science and Humanities. Philological sciences. – 2022. – Vol. 2. – No. 1.6. – P. 125–132.

01.02.23 ж. баспаға түсті.

02.05.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ш. Б. Саликжанова

Евразийский национальный
университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана.
Поступило в редакцию 01.02.23.
Поступило с исправлениями 02.05.23.
Принято в печать 25.02.24.

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ ЛЕКСИКИ ЖЕНСКОЙ ОДЕЖДЫ И МОДЫ

Статья посвящена изучению лексики национальной одежды и предметов декора в языкознании. В целом говорится о том, что национальная одежда каждого народа связана с различными сферами духовной жизни этого народа, в том числе с эстетическими и религиозно-магическими представлениями. Образ жизни людей, социальная структура, условия жизни каждой этносоциальной группы находят свое отражение в народной одежде и предметах декора. Видно, что не только традиции народа, но и его одежда и украшения меняются под влиянием различных взаимодействий и влияний с соседними народами. Поскольку одежда является одним из важнейших атрибутов социального бытия, лексика, обслуживающая эту сферу жизни, занимает центральное место в постоянной динамике и тезаурусе носителей языка. Лексика, связанная с женской одеждой и модой, считается сложной и систематической категорией, имеющей свое место и характеристики в нашем языковом фонде. Потому что их названия кажутся на первый взгляд простыми грамматическими объектами, но они имеют социальное, философское, этнолингвистическое значение, которое уходит корнями в многовековую историю народа, переплетается с его духовной и культурной жизнью, связано с эстетическим вкусом, национальной психологией, обычаями и традициями. В статье рассматриваются термины, связанные с понятием моды. Говорят, что названия одежды и термины, относящиеся к понятию моды, были созданы из исконно казахского слова и активно использовались с тех пор, как были специально установлены. Выяснилось, что часть лексем, связанных с образами моды, в современный казахский язык пришла из других языков. В медиатекстах ободок стал переводиться как круги для волос. Хотя он не получил широкого распространения, но он стал привычным для многих людей. Ободок выглядит как серебряное

украшение с драгоценным камнем, надеваемое на лоб (маңдайша) саукеле (казахский национальный женский головной убор), таким образом, его можно заменить словом «маңдайша».

Ключевые слова: лексика, этнолингвистика, этнонимы, ювелирная лексика, этимология, вводное слово.

**Sh. B. Salikzhanova*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 01.02.23.

Received in revised form 02.05.23.

Accepted for publication 25.02.24.

ETHNOCULTURAL BASICS OF VOCABULARY OF WOMEN'S CLOTHING AND FASHION

The article deals with the study of the vocabulary of national clothing and decorative items in linguistics. In general, the national clothes of each people are connected with various spheres of the spiritual life of those people, including aesthetic and religious-magical ideas have been described in this article. People's lifestyle, social structure, living conditions of each ethno-social group are reflected in folk clothes and decorative items. It can be seen that not only the traditions of the people, but also their clothes and ornaments change under the influence of various interactions and influences with neighboring peoples. Since clothing is one of the most important attributes of social existence, vocabulary serving this area of life occupies a central place in the constant dynamics and the thesaurus of language users. Vocabulary related to women's clothing and fashion is considered a complex and systematic category with its own place and characteristics in our linguistic stock. Because their names seem to be mere grammatical objects at first glance, but they are big issues with a social, philosophical, ethnolinguistic meaning, rooted in the long history of the people, intertwined with its spiritual and cultural life, connected with aesthetic taste, national psychology, customs, and traditions. The article deals with terms related to the concept of fashion. The names of clothes and the terms related to the concept of fashion were created from the indigenous Kazakh word and have been in active use since they were specially established. It was found that some of the lexemes related to fashion models in the modern Kazakh language came from other languages. It is suggested that the names of clothes and jewelry imported from other

languages can be given with the names of indigenous national costumes. In media texts, obodok has been translated later as hair curling circles. Although it is not widely used, it has become familiar to many people. Obodok looks like a silver jewellery with a precious stone worn on the forehead (mandaisha) of saukele (Kazakh national female hat), in this way it can be replaced by the word «mandaisha».

Keywords: vocabulary, ethnolinguistics, ethnonyms, vocabulary of jewellery, etymology, borrowed word

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар к., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар к., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz